

№1 өндірістік кеңес.

МКҚҚ «Қарлығаш» бөбекжай бақшасының 2021-2022 оқу жылындағы

№1 өндірістік кеңестің хаттамасы.

Өткізілу мерзімі: 07.09.2021

Катысқандар саны: 28.

Құн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Жазғы-сауықтыру кезеңіндегі өткіzlген іс -шаралар қорытындысы.
2. 2021-2022 оқу жылының жылдық жоспарымен таныстыру, бекіту.
3. Еңбек тәртібі. Шаруашылықтың барлық буындарының жаңа оқу жылына дайындығы.
4. Өрт қауіпсіздігі мен адам өмірін қорғау жөніндегі нұсқаулықтармен таныстыру.

Тындалды:

1. «Қарлығаш» б/б менгерушісінің УМА: Ж.Каназарова бүгінгі өндірістік кеңесте қаралатын мәселермен таныстырып, жаңа оқу жылымен балабақша қызметкерлерін құттықтады. Бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Э.Куандыкова жазғы-сауықтыру кезеңіндегі өткіzlген іс -шаралар қорытындысына талдау жұмыстарын жүргізді.

Балаларды сауықтыру жүйесі мыналарды қамтиды: балалармен дene шынықтыру-сауықтыру жұмыстары (спорттық және қымыл-қозғалыс ойындары, музикалық-ырғактық қозғалыстар, шынығу, массаж кілемімен жүру және т. б.); пайдалы тاماқтану рационы (жемістер мен көкөністер және т. б.); бала ағзасын шынықтыру (кун сәулесі, шөпте жалаң аяқ жүру, шомылу және т. б.); балалар туризмі (жаяу, велосипедпен), экскурсиялар, табиғатта серуендеу және т.б.). мерекелік шаралар; ата-аналармен сауықтыру-ағарту жұмыстары; профилактикалық іс-шаралар (сколиоз, май табан, көрү қабілетінің бұзылуының алдын алуға арналған арнайы жаттығулар кешені).

2. Келесі мәселе бойынша «Қарлығаш» бөбекжай балабақшасының менгерушісінің УМА: Ж.Каназарова 2021-2022 оқу жылының жылдық жоспарымен таныстырып, бекітті.

Мақсатымыз: тәрбиеші – педагог үйімдастырылған әрбір оқу іс-әрекетінде әр жеке тұлғаның іс-әрекет белсенділігін арттыруға көніл бөлуі ;

- заттар мен ойыншықтарды еркін қолдану мүмкіндігін қамтамасыз ету;

- ойын іс-әрекетінде , дene жаттығуларын орындауда , музика ырғагымен қымыл жасау жағдайын қамтамасыз ету;

-сөйлеу, сенорлық, танымдық, эстетикалық дамуына жағдай жасау;

-тәрбиелеу мен оқыту процесін дербестендіруді қамтамасыз ету;

-әр балаға жеке білім беру бағытын әзірлей білуі ;

-баланың дene дамуындағы проблемаларды анықтап, оның әрі қарай даму перспективасын жобалай білу;

инновациялық ақпараттық –коммуникациялық технологиялар элементтерін енгізе отырып, бала дамуына ықпал ету;

3. Ушінші мәселе бойынша -еңбек тәртібі бойынша «Қарлығаш» бөбекжай бақшасының менгерушісінің УМА: Ж.Каназарова таныстырыды, «Қарлығаш » бөбекжай бақшасында 1жастан 5 жасқа дейін 90 баламен қамтылған. Педагогикалық ұжым- 12 қызметкер. Балалардың болуы 10,5 сағат. 8⁰⁰-18³⁰ дейін, бес күндік жұмыс аптасы. Еңбек тәртібін сақтау – жұмысқа уақытылы келу, белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығын сақтау, әкімшілік бүйректерден уақытылы орындау; еңбек қорғау ережесі мен қауіпсіздік техникасының талаптарын, өндірістік санитарлық, өртке қарсы ережені және алдын -ала ескерілген ережелер мен нұсқаулықтарды сақтау.

Шаруашылықтың барлық буындарының жаңа оқу жылына дайындығы жөніндегі шаруашылық менгерушісі А.Умирбаева жаңа оқу жылынан балабақша ғимараттарының барлығы дайын екенін, жаз мезгілінде жөндеу жұмыстары жүргізігенін айтты.

4.Әрт қауіпсіздігі мен адам өмірін қорғау жөніндегі нұсқаулықтармен «Қарлығаш» бөбекжай балабақшасының менгерушісінің УМА: Ж.Каназарова таныстырыды.Әрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқаулық.

Жалпы талаптар

1. Осы нұсқаулық ҚР Үкіметінің 09.10.2014 ж. № 1077 қаулысымен бекітілген Әрт қауіпсіздігі Ережелерінің (бұдан әрі – Ережелер) талаптарына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдағы (бұдан әрі – МДҰ) қауіпсіздіктің негізгі талаптарын белгілейді.

2. Қолданыстағы заннамаға сәйкес өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жа3. МДҰ менгерушісі:

3.1. МДҰ қызметкерлерінің Ережелерді оқып-үйренуі мен орындаудың үйымдастыруға.

3.2. Әртке қарсы нұсқама жүргізуі және өрт сөндіру-техникалық минимумы бойынша сабак өткізуге.

3.3. МДҰ жатын бөлмелеріндегі, ойын бөлмелеріндегі және қосалқы үй-жайлардағы өрт қауіпсіздігінің жай-күйін, байланыс құралдарының, өрт дабылы мен өртпен күрестегі техникалық құралдардың бар-жоғы мен жарамдылығын кезең-кезеңмен тексеруге.

3.4. МДҰ үй-жайларында қатаң әртке қарсы режим орнатуға (техникалық құжаттаманы сақтау орнын анықтау, тексеру тәртібін белгілеу, жұмыс аяқталғаннан кейін топтық бөлмелердің, қосалқы үй-жайлардың жабылуы), жұмыскерлердің оны үнемі қатаң сақтауын қадағалауға.

3.5. Электр құралдарының, электр қондырғыларының, техникалық құрал-жабдықтың, жылдыту, желдету құралдарының жарамдылығын тексеруге және өртке алыш келуі уаптылық МДҰ басшысына жүктеледі.

II. Әрт қауіпсіздігінің негізгі талаптары

1. Аумақты таза ұстau:

1.1. Мекеме аумағы үнемі таза ұсталуға тиіс және жүйелі түрде коқыстан, құрғақ бұтақтан, қағаздан және т. б. тазартылуға тиіс.

1.2. Ғимараттың барлық кіреберісіне еркін кіруге рұқсат берілуі керек. Ғимарат пен өрт сөндіру кезінде су көздеріне баратын жолдар мен подъезддер, сондай-ақ өрт сөндіру құралдары мен жабдықтардың маңайы әрқашан болуы керек.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Жазғы-сауықтыру кезеңіндегі өткізілген іс -шаралар қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.

2. 2021-2022 оқу жылының жылдық жоспары бекітілсін.

3. Еңбек тәртібі. Шаруашылықтың барлық буындарының жаңа оқу жылына дайындығы талапқа сай орындалсын.

4. Әрт қауіпсіздігі мен адам өмірін қорғау жөніндегі нұсқаулықтарымен балабақша қызметкерлері жұмыс жүргізілсін.

«Қарлығаш» б/б менгерушісінің УМА:  Ж.Каназарова
Хатшы:



Ж.Каназарова
Э.Куандыкова.

№2 өндірістік кеңес.

МКҚҚ «Қарлығаш» бөбекжай бақшасының 2021-2022 оқу жылындағы

№2 өндірістік кеңестің хаттамасы.

Өткізілу мерзімі: 22.12.2021 ж

Қатысқандар саны: 28.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Балабақша мамандарымен қауіпсіздік шараларының нұсқауымен таныстыру.
2. I-жарты жылдықтағы тамақтану және науқастық анализі
3. Кәсіподак төрағасының 2021 жылға арналған есеп берулері.
4. Ішкі еңбек тәртібін, ішкі күн тәртібін орындау.

Тыңдалды:


1. «Қарлығаш» б/б менгерушісінің У.М.А:Ж.Каназарова бүгінгі өндірістік кеңесте қаралатын мәселермен таныстырып, балабақша мамандарымен қауіпсіздік шараларының нұсқауымен таныстыруды. Еңбек қауіпсіздігі – еңбек қызметі процесінде жұмыскерлерге зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың әсерін болғызбайтын іс-шаралар кешенімен қамтамасыз етілген жұмыскерлердің қорғалу жай-куйі; еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі тиімді кәсіби қызмет үшін ұйымның басшылары мен еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты адамдарға қажетті құзыреттер; жұмыскерлерге еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту және білімін тексеру жылына бір реттен сиретпей өткізіледі. Жұмысқа қабылданған адамдар, сондай-ақ басқа жұмысқа ауыстырылатын жұмыскерлер кейіннен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша білімдерін тексеруді жүргізе отырып, жұмыс беруші белгілеген мерзімде, бірақ еңбек шарты жасалғаннан немесе басқа жұмысқа ауысқаннан кейін бір айдан кешіктірмей оқудан өтеді. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытудан, нұсқау беруден және білімдерін тексеруден өтпеген жұмыскерлер жұмысқа жіберілмейді.
2. I-жарты жылдықтағы тамақтану және науқастық анализі бойынша медбике Н.Тастanova; баланың дамуы, өсуі, денсаулығы дұрыс тамақтануға тікелей байланысты. Балабақшаларда дұрыс тамақтанудың негізі-бұл ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген нормалар. Тамақтандыруды үйимдастыруға қойылатын талаптар "мектепке дейінгі ұйымдарға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" мемлекеттік құжатында көрсетілген. Әр түрлі жас топтары үшін олардың нормалары әртүрлі. Егер сіздің балаңыз 1 жастан 3 жасқа дейін болса, оған күніне орта есеппен 53 г акуыз, 53 г май және 212 г көмірсулар қажет, ал 3 жастан 6 жасқа дейін — сәйкесінше 68 г, 68 г және 272 г. Біздің балабақшада балалардың тамақтану нормаларын ескеретін маусымдық мәзір жасалады. Бала күніне белгілі бір мөлшерде ет, май, айран, жеміс жидек және кекөністер т.б. алуы керек.

3. Келесі мәселе бойынша балабақша кәсіподак төрағасын М.Тұтқабекова 2021 жылға арналған есеп беруі тыңдалды. Балабақшада жұмыс беруші мен қызметкерлер арасында ұжымдық шарттың дұрыс орындалуы жайлы есеп берді. Кәсіподактан берілген мерекелік күндерге арналған қаражаттың неге жұмсалғаны жөнінде есеп берілді.
4. Келесі мәселе бойынша «Қарлығаш» б/б менгерушісінің УМА: Ж.Каназарова ішкі еңбек тәртібін, ішкі күн тәртібін орындау жайлы айтты. Балабақша жарғысында, ішкі тәртібінің ережесінде және лауазымдық нұсқауларында көрсетілген міндеттерді қатаң түрде орындау қажет.

Жұмыс орнының таза және үқыпты ұстай, белгіленген материалдық құндылықтар мен құжаттарды ретпен сақтау. Тәрбиешілер оқу қызметінде және серуенге шыққан уақытында тәрбиеленушілердің өмірі мен қауіпсіздігіне толық жауап береді. Сондықтан ішкі еңбек тәртібіне бағынуымыз керек.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Балабақша мамандарымен қауіпсіздік шарапарының нұсқауымен жұмыстар жүргізілсін.
 2. Балабақшадағы тамақтану тәртібінде гигиеналық тәртіптік шараптар сақталсын.
 3. Кәсіподак төрағасының 2021 жылға арналған есебі қанағаттанарлық деп танылсын.
 4. Ішкі еңбек тәртібі және ішкі күн тәртібін орындау қадағалансын.

«Қарлығаш» б/б менгерушісінің УМА:  Ж.Каназарова.
Хатыш:  Э.Куандыкова.



№3өндірістік кеңес.

МКҚҚ «Қарлығаш» бөбекжай бақшасының 2021-2022 оқу жылындағы

№3өндірістік кеңестің хаттамасы.

Откізілу мерзімі: 09.03.2022ж

Қатысқандар саны: 27.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Откен кеңестің қаулыларының орындалуы.
2. Топтардағы санитарлық- эпидемиологиялық нормалардың орындалуы.
3. Балабақша ауласын көгалдандыру, бөлме гүлдерін көбейту, сенбіліктер өткізу.
4. Эр түрлі мәселелер.

Тындалды:

1. Балабақша менгерушісі С.Дүйсебекова бүгінгі өндірістік кеңесте қаралатын мәселермен таныстырып, откен кеңестің қаулыларының орындалуы жайлы сұралды. Откен кеңестің шешімінде қабылдаған қаулылар талапқа сай орындалғандығын айтты жауапты мамандар.
2. Топтардағы санитарлық- эпидемиологиялық нормалардың орындалуы туралы медбике Н.Тастанова: Осы "Мектепке дейінгі үйымдардың құрылымына, оларды пайдалану барысында қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" туралы санитарлық ережелер және нормалар (бұдан әрі - санитарлық ережелер) мектеп жасына дейінгі балалар үйымдарындағы орналастыру жағдайына, жер учаскесіне, ғимаратқа, үй-жайларды жабдықтауга, тамақтандыруды үйымдастыруға, ауа арқылы жылыту режиміне, табиғи және жасанды жарықтандыруға, су және канализация жүйесімен камтуға, медициналық қызмет көрсету және тазалық тәртібіне үйретуге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптардан тұрады."Мектепке дейінгі үйымдардың құрылымына, оларды пайдалану барысында қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" Санитарлық ережелері және нормалары. Жалпы ережелер. Мектепке дейінгі үйымдардың ғимараттарына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар. Мектепке дейінгі үйымдарда санитарлық-техникалық құрал-жабдықтарға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар Балалардың дene және гигиеналық тәрбиесі бойыншакүн тәртібін үйымдастыру.
3. Балабақша ауласын көгалдандыру, бөлме гүлдерін көбейту, сенбіліктер өткізу туралы балабақша менгерушісі С.Дүйсебекова көктем мезгілінде көгалдандыру жұмыстары басталғандығын айтты. Эр топ өздеріне тиесілі жер телімдерін аударып, гүлдер мен ағаштар отырғызыу керек екендігін, оларға күту жұмыстарын ұдайы жалғастырып отыру керектігі айтылды. Топтарға бөлме гүлдерін көбейтіп егу керектігін, балаларға табиғат бұрышында еңбек әрекеттерін үйымдастырып, үйрету керектігі ескертілді. Сенбіліктер үйымдастырылып, аулада тазалау, сырлау жұмыстары болатындығын айтты.
4. Басқада әртүрлі мәселелер талқыланды.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Топтардағы санитарлық- эпидемиологиялық нормалардың орындалуын қадағалау балабақша медбикесі Н.Тастановаға жүктелсін.
2. Балабақша ауласын көгалдандыру, бөлме гүлдерін көбейту, сенбіліктер өткізу оларды үйымдастырып қадағалау шаруашылық менгерушісі К.Тұрмахановаға жүктелінсін.

«Қарлығаш» б/б менгерушісі:

С.Дүйсебекова.

Хатшы:

Э.Куандыкова



№4 өндірістік кеңес.

МКҚК «Қарлығаш» бөбекжай балабақшасының 2021-2022 оқу жылындағы

№4 өндірістік кеңестің хаттамасы.

Откізілу мерзімі: 24.05.2022ж

Қатысқандар саны: 28.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Жазғы маусымдық- сауықтыру кезеңінен өткізу іс- шараларын талдау, бекіту.
- 2.. Жаз кезіндегі азық- тұліктердің сапасы мен алуа түрлілігі және бала тамағын дәрумендендіру.
3. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқаулықтардың орындалуы туралы.
4. Балалардың науқастығы туралы есеп беру.

Тыңдалды:

1. Жазғы маусымдық- сауықтыру кезеңінен өткізу іс- шараларын талдау, бекіту туралы балабақша әдіскері Э.Куандыкова жазғы сауықтыру жұмыстарының негізгі мақсаты: балабақшада балалармен жазғы сауықтыру жұмыстарын үйимдастыруға ен тиімді жағдайлар жасау және балалардың жазғы мезгілде танымдық қызығушылығын дамыту; балалардың спорттық іскерліктері мен машықтарын дамыту және балалардың қымыл-қозғалыс белсенділігін арттыру бойынша жұмыстарды жалғастыру; балалардың көтерінкі көңіл-күйін туғызу.

Тәрбиеленушілердің таза ауда көбірек болуына, қымылды ойындар арқылы қымыл-қозғалыс белсенділігін арттыруға, спорттық ойындарға, ойын-сауықтарға үлкен мән берілу керек.

2.Жаз кезіндегі азық- тұліктердің сапасы мен алуа түрлілігі және бала тамағын дәрумендендіру. Жаз маусымындағы азық- тұліктердің сапасы мен алуа түрлілігі бойынша талдау жасалды.Мектеп жасына дейінгі балалық дұрыс тамақтануының негізгі ережелерін күнделікті ағзаның құрамы барынша сан алуан болғаны дұрыс. Бала ағзасына пайдалы дәрумендері бар ет, балық, сұт, жұмыртқа, жеміс- жидектер мен көкеністер, қант, нан, дәннен жасалған тәттілер үнделікті тамақ үлесіне қосып отырған жағдайда, баланың берік денсаулығын қамтамасыз ете аламыз. Балалардың тамағын дәрумендері аскорбин қышқылы, тәуліктік қажеттілік есебінен 2-6 жастағы балаға -40мг. Дәрумендер дайын тамақтарға, ас әзірлейтін бөлмеде, бас медбике, емдәмбикенің қадагалауымен іске асырылады. Дәрумендендерілген тағамдарды қайта жылдытуға кеңес бермейміз. Өйткені тағам құрамындағы аскорбин қышқылы жоғалады.

3. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқаулықтардың орындалуы туралы.Денсаулықтың негізгі шарты- мәдени орта, салауатты өмір салты. Бала 2-3 жастан бастап балабақшага барады. Балалар бақшада күн ұзақ болып, көптеген уақытын осы «екінші үйінде » өткізеді. Тәрбие мен білім алады, өседі-өнеді, денсаулығын нығайтады.Білім үйімдарында аурулардың алдын алу ,денсаулықты нығайту, дene тәрбиесін жетілдіру, тәрбиеленушілердің салауатты өмір салтына жағдай жасау бойынша қажетті іс-шаралар жүргізіледі.Жас ұрпақты жан – жақты дамыған, ой - өрісі биік, тұлғасы сымбатты азamat етіп өсіру үшін тәрбие жүйесінде дene тәрбиесінің алар орны орасан зор. Ал оны негұрлым ерте кезінен бастап, дұрыс жолға қойып жүргізсе, соғұрлым нәтижесі жемісті болатыны анық.

4.Балалардың науқастығы туралы есепті медбике Н.Тастanova есебі тыңдалды. Денсаулық-табиғаттың берген құнды байлығы,оны бастапқы күйде сақтау ол адамның жеке салауатты өмір сүруіне байланысты екенін есте сақтай отырып, шынықтыру жұмыстары жергілікті жердің климаттық жағдайларына сай жүргізілуі керек. Шынықкан бала аз ауырады, тәбеті мен үйқысы жақсы,бітімі үйлесімді,әрі сымбатты келеді және ауа-райының кез келген жағдайында жеткілікті

дәрежеде серуендей алады. Шынықтыру шаралары жүйелі түрде жүргізілуі тиіс. Жыл ішінде еш бір жұқпалы аурулар (гепатит, паратит т.б.) тіркелген жоқ. Жарақаттанған жағдайлар да болған жоқ.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Жазғы маусымдық- сауықтыру кезеңінен өткізу іс- шаралары бекітілсін.
 2. Жаз кезіндегі азық- туліктердің сапасы мен алуа түрлілігі және бала тамағын дәрумендендіру балабақшаның шаруа менгерушісіне жүктелсін.
 3. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқаулықтары бойынша жұмыстар жүргізілсін.
 4. Балалардың денсаулығын қадағалау медбике Н.Тастanovaға жүктелсін.

«Карлығаш» б/б менгерушісі:

Хатыш:

С.Дүйсебекова.

Э.Куандыкова